

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 680 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін жасаудың эскиздік жобасын әзірлеуді және оның сараптамасын жүргізуді қаржыландыруға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берілетін күнге белгілеген бағам бойынша 1610000 (бір миллион алты жүз он мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат б ө л і н с і н .

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес "М.В.Хруничев атындағы мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" федералдық мемлекеттік унитарлық кәсіпорны (Ресей Федерациясы) Қазақстан Республикасы үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Ангара" ғарыштық зымыран кешені базасында "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін жасаудың техникалық-экономикалық негіздемесін және эскиздік жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды беруші болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:
жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын, сондай-ақ Заңның 21-бабы 3, 4-тармақтарының орындалуын;
осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК